2025 жылдың өткен кезеңі үшін Бейнеу аудандық әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Бейнеусусервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

2026 жылғы 10 тамыз Бейнеу ауылы

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қағидасына және 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша әдістемелік ұсынымдар» бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымға сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы құрылды, 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесі бекітілді және ішкі талдау жүргізілді.

Жұмыс тобының кестесіне сәйкес, Бейнеу аудандық әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Бейнеусусервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде құқықтық актілерін, өз қызметі барысында құрылымдық бөлімшелердің басшылыққа алатын ережелерін зерттеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жұмыс тобының басшысы А.Бабахов, жұмыс тобының мүшелері Н.Аманқосов, Ж.Мусаева, М.Ғайыпбаев, А.Өтеғұлов, Н.Арсбаев, А.Елтузерова қатысты.

Ішкі талдау жүргізген мерзімі 01.01-31.12.2025 аралығы.

Бейнеу аудандық әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Бейнеусусервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Бейнеу аудандық әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Бейнеусусервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі- Мекеме) ережесін зерттеу барысында Мекеменің өз қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын заңнамаларға (Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасыының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзгеде құқықтық актілерге) талдау жасалынды. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер және нормалар анықталған жоқ.

Мекеменің ұйымдастырушылық - басқару қызметінде 01.01.2025-31.12.2025 жылдың өткен кезеңі үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша өткізілді:

1) Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау:

2025 жылғы штат саны 200,5 бірлікті құрайды.

Қабылданған құқықтық актілер:

Жеке құрам бойынша бұйрықтар саны - 498

Негізгі қызмет бойынша бұйрықтар саны - 116

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында құрылымдық бөлімшелердің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол беру әрекеттері анықталған жоқ.Сыбайлас жемқорлыққа шалдыққан лауазымды тұлға жоқ.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу:

Мекеме қызметкерлерінің арасында мүдделер қақтысының фактілері анықталған жоқ.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету барысында жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің нормаларына қайшылықтар, заң бұзушылықтар, мерзім бұзушылықтар анықталған жоқ.

2025 жылғы жағдай бойынша жыл басынан мемлекеттік қызметтер көрсетілмеген, яғни өтініш түспеген.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру:

Мекеме қызметкерлерінің тарапынан жеке және заңды тұлғалардың өзінің құқығы мен заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын қандай болса да заңсыз іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) анықталған жоқ.

5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру:

2025 жыл бойынша мемлекеттік органға сыртқы мекемелерден бақылау тексеру жұмыстары жүргізілмеген. Мекемеге 2025 жылы Сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін талдау бойынша Бейнеу аудандық әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Бейнеусусервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында құрылған жұмыс тобы ішкі талдау жүргізген. Ішкі талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу:

Кәсіпорын мемлекет тарапынан қаржыландырылмайды. Өз тапқан табысымен қаржыландырылады.

Тұтынушылардан пайдаланылған ауызсу көрсеткіштерін жинақтау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алған жоқ.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:

Мекемежеке және заңды тұлғалармен кеңсе тауарларын сатып алу үшін, баға ұсыныстарына сұраным тәсілімен екі жақты шарттар жасақталған.Есептік кезеңде жасақталған шарттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану:

Мекеме қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңде жағымсыз материалдар анықталған жоқ.

9) Жеке және заңды тұлғалардың өтініші бойынша:

2025 жыл бойынша мекеме келіп түскен өтініштер саны - 6. Есептік кезеңде өтініштерді қарау, жауап беру кезінде мерзім бұзушылық, заң бұзушылық орын алмаған.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жұмыс тобының басшысы **А. Бабахов**

Жұмыс тобының мүшелері **Н. Аманқосов**

М. Ғайыпбаев

Н. Арысбаев

Ж. Мусаева

А. Өтеғұлов

А. Елтузерова